

Келес ауданы
ЖШС «Сержан» бөбекжай балабақшасының педагог қызметкерлерімен
өткізілген
жиналыстың
№1 Хаттамасы

Қатысқаны: 12
Қатыспағаны:

31 - Тамыз
2024 жыл

Күн тәртібінде

1 педагогикалық кеңес.

Тақырыбы: «2024-2025 жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары».

Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымды жаңа оқу жылына дайындау. 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын және негізгі жылдық міндеттемелерді талқылау, бекіту.

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау.
2. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы.
3. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен танысу.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қарастыру.
5. 2024-2025 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен танысу, бекіту.
6. Вариативті компоненттер.
7. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі.
8. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі.
9. Топтағы балалардың тізімдері.

Сөз алғандар: Топ тәрбиешілері

А.Бустанова
(б/б медбикесі)
М.Амирова
(б/б меңгерушісі)
Г.Урттыбаева
(б/б әдіскері)

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.Амирова, жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Педагогикалық кеңес хатшысын, балабақша меңгерушісі ұсынды, педагогикалық ұжым бір ауыздан қолдау танытты. Педагогикалық кеңес хатшысы – балабақша әдіскері –Г.Урттыбаева тағайындалды. Жиналыс хатшысының тікелей міндеті таныстырылып өтілді.

Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын

қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталады.

2024 жылдың 1- маусым айынан бастап 01- қыркүйегіне дейін балабақша балалары жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспары бойынша тәрбиеленеді.

Балалардың танымдық белсенділігін арттыру үшін тәрбиешілер құммен эксперимент жасауды жиі қолданды. Балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатында жаз мезгілінде әр түрлі сауықтыру шаралары ұйымдастырылды.

Жазғы мезгілде ата-аналармен жұмыс жалғастырылды. Ата-аналарға ақыл кеңестер берілді, әңгімелер жүргізілді. Ата-аналар бұрышындағы жазғы мезгілде балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, ағзаны шынықтыру, тыныс алу гимнастикасы, тамақтандыруды және жазғы демалысты ұйымдастыру туралы ақпараттар мезгілімен ауыстырылды.

Үшінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері-Г.Урттыбаева ,баяндада. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырып, өтті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын балабақша меңгерушісі – М.Амирова, оқып беріп, педагогтар арасында кеңінен талқылады.

Төртінші мәселе, бойынша бақшаның меңгерушісі М.Амирова, 2024-2025 оқу жылындағы жоспармен таныстырып, стандарт талапарына сүйене отырып түзілгенін мәлімдеді. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілді және топ тәрбиешілеріне ұйымдастырылған іс-әрекеті кестесі мен оқу жоспарларын бекітіп берді.

Бесінші мәселе, балабақша қызметкерлерін орнықтыру бойынша меңгерушісі М.Амирова, балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты, топтарға жіктеп, қызметкерлерді орнықтырып, бекітті. 2024-2025 оқу жылына топтардың балабақшаның дайындығы жақсы деңгейде. Топтар ағымдағы жөндеу жұмыстарынан өтті. Топтар оқу жылына дайын.

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

Шешім

1. Педагогикалық кеңес хатшысы – Г.Урттыбаева сайласын.
2. Жазғы сауықтыру іс шараларының қорытындысы қанағаттанралық деп табылсын.
3. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен балабақшаның педагогикалық құрамы толық танысрылсын.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілген талаптар мен қағидаттар жұмыс барысында толық сақталып, жұмыс жүргізілсін.
5. 2024-2025 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен таныстырылып, бекітілсін.
6. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі бекітілсін.
7. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі құрылсын
8. Топтағы балалардың тізімдері бекітілсін

Балабақша меңгерушісі: М.Амирова
Хатшы: Г.Урттыбаева



Келес ауданы
ЖШС «Сержан» бөбекжай балабақшасының педагог қызметкерлерімен
өткізілген
жиналыстың

№2 Хаттамасы

Қатысқаны: 12
Қатыспағаны:

22 - қазан
2024 жыл

Күн тәртібінде

Тақырыбы: Инновациялық технологиялар арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту, түзету-дамыту жұмыстарына қолдану.

Мақсаты: Инновациялық технологиялар арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру жолдарын қарастыру. Коррекциялық топтағы балалармен түзету-дамыту жұмыстары бағыттарын қарастыру.

1. №1 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама
2. *Тренинг.* Адам денсаулығына көңіл-күйдің әсері.
3. *Шеберлік сынып.* Бала денсаулығына күнделікті жаттығу жасаудың маңызы және жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай қолдану.
4. *Шеберлік сынып.* Ерекше балалармен тіл дамыту жұмыстарын жүргізу. Шеберлік сынып
5. *Іс-тәжірибеден.* Ерекше балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары.
6. Балаларды ұлттық ойындар арқылы саз өнеріне қызығушылықтарын ояту. Эксперименттік топтағы педагогтардың іс-тәжірибесі
7. **Кешенді бақылау қорытындысы.** «Денсаулық» саласы бойынша оқу қызметтерінің жүргізілу барысы
8. *Көрме.* Балалардың қол, саусақ бұлшық еттерін, жалпақ табандылық, көз т.б. арналған құралдар.
9. *№2 педагогикалық кеңес шешімі*

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.Амирова, жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша бақшаның әдіскері – Г.Урттыбаева, №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы жайлы баяндады. Бірінші кеңесте талқыланған мәселелер бойынша толықтыру жұмыстары жүргізілген, қадағалануда.

Екінші мәселе бойынша, балабақшаның педагог-психологы – А.Сапарбаева, «Адам денсаулығына көңіл-күйдің әсері» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг соңында ұжым қызметкерлері көтеріңкі көңіл – күйге еніп, психологқа өз алғыстарын білдірді.

Үшінші мәселе, бала денсаулығына күнделікті жаттығу жасаудың маңызы және жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай қолдану тақырыбында шеберлік сыныпты МАД топтарының тәрбиешісі өтті. Қоғамдық тәрбиенің жалпы жүйесінде мектеп жасына дейінгі баланы дене жағынан тәрбиелеу ерекше орын алады. Өмірді қорғау мен денсаулықты нығайту, бала организмінің қызметін жетілдіру, мұның денені дұрыс жетілдірудегі ықпалы жұмыс қабілетін арттыру дене жағынан тәрбиелеудегі ең басты міндеттер болып табылады. Қазақи ұлттық дәстүрімізге сай көріктілігін, ептілігін, сегіз қырлы бір сырлы жан-жақты ұлттық қасиетін танып білуді бала бойына қалыптастыру сәби кезінен табылады. Сондықтан осы таңертеңгілік ұлттық би жаттығуы әдістемелік құралын ұсынамыз.

Әдістемелік құралда таңертеңгілік жаттығуларды ұйымдастыру бала денесінің жан-жақты дамуына арналған жаттығулар беріледі. Балалардың сүйек жүйелері мен байланыс буын қызметінің дұрыс жетілуіне, бел омыртқаның, табан дөңестерінің дұрыс жетілуіне ықпал жасау қажет. Барлық бұлшық ет топтарын, жүрек қан тамыр жүйесінің жетілуін дамытуға мүмкіндік жасау керек. Басты міндет балалардың қозғалыстарын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділік, шапшаңдық күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Төртінші мәселе бойынша, ортаңғы топ тәрбиешілері «Ерекше балалармен тіл дамыту жұмыстарын жүргізу» туралы шеберлік сынып өткізді.

Бесінші мәселе, «Ерекше балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары» бойынша іс – тәжірибемен балабақша тәрбиешісі А.Абдрасилова бөлісті.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызметі. Танымдық өрісінің дамуы:

- 1 жастағы балада заттық қабылдау, бірақта ол толық жетілмеген.
 - 2 жаста бала заттың қасиеттерін әліде болса айыра алмайды, оны тек ашық белгілеріне қарай ажырата алады.
 - 3 жаста бала заттың формасын, көлемін, түрін ажырата алады. Сонымен бірге үлгі бойынша көріп қабылдайды.
 - 3 жаста бала 5-6 форманы және 8 түсті меңгеруі тиіс. Естіп қабылдау жедел дамиды.
- Зейіні ырықсыз. Зейін көлемі тар алаңболушылық басым. Есі ырықсыз естің басты ролі қайталауда. Қимыл-қозғалыс есі басым екені көрініс береді.

Алтыншы мәселе, «Балаларды ұлттық ойындар арқылы саз өнеріне қызығушылықтарын ояту» туралы әр топ тәрбиешілері өз іс-тәжірибесімен бөлісті.

Ересек топ тәрбиешісі, Қазақтың ұлттық ойындарының қоғамдық және әлеуметтік маңызы аса зор. Ұлттық ойындар қазақ халқының ежелгі – мәдениеті мен өнерінің де ешкімнен кем болмағанын байқатады. Қазақ халқы ұлттық ойындарға бай халық. Ұлттық ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып жатыр. Ата – бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың мықты әрі жігерлі болып өсуіне ықпал етіп, олардың береке бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Шындығына келсек өмір сүруімізде ұлттық ойындардың атқаратын міндеті айрықша. Қазақ халқы материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі, - деп сөзін аяқтады.

Эксперименттік топтағы педагогтардың іс-тәжірибесі туралы тәрбиешісі – Ж.Амирхан, баяндады. Топ жұмысы қанағаттанарлық деңгейде жүріп жатқаны туралы айтты.

Жетінші мәселе, балабақша әдіскері – Г.Урттыбаева, кешенді бақылау қорытындысын баяндады. Дене шынықтыру пәндерінің өтілу сапасының кешенді тексеру 2024 жылдың 01-қарашасы мен 21-қарашасы аралығында өткізілді. Кешенді тексеру барлық топтар арасында жүргізілді. Денсаулық бұрыштарын, дене тәрбиесі оқу іс- әрекеттері мен сауықтыру-шынықтыру шараларын, қауіпсіз мінез – құлық шараларын бақылау арқылы жүзеге асты. Барлық топтарда дене тәрбиесіне арналған құралдарды толықтырып, атрибуттарды көбейту керектігі ескертілді.

Комиссия мүшелері барлық топтарда келешекте толықтыру жұмыстарын жалғастыра беру керектігін айтты.

Кіші топ тәрбиешілері – Балалардың қол, саусақ бұлшықеттерінің жалпақ табандылық, көз т.б. арналған құралдардан көрме ұйымдастырды. Көрме қорытындысы жасалынып, өте жақсы деп бағаланды. Алдағы уақытта балаларды тәрбиелеу барысында пайдаланылсын, деп шешілді.

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

Шешім:

1. №1 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Адам денсаулығына көңіл-күйдің әсері, тақырыбындағы тренинг «жақсы» деп бағалансын, педагогтармен әрі қарай жұмыс жүргізу педагог-психологқа міндеттелсін.
3. «Бала денсаулығына күнделікті жаттығу жасаудың маңызы және жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай қолдану» тақырыбындағы баяндама қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын, толықтыру жұмыстары топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

4. Ерекше балалармен тіл дамыту жұмыстарын жүргізу. Шеберлік сынып бойынша ортаңғы топ тәрбиешілері қанағаттанарлық деңгейде жұмыс жүргізген деп бағалансын.
5. «Ерекше балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары» тақырыбындағы баяндама қанағаттанарлық деңгейде деп бағаланып, оқу іс әрекеті кезінде қолданылсын.
6. Балаларды ұлттық ойындар арқылы саз өнеріне қызығушылықтарын ояту. Эксперименттік топтағы педагогтардың іс-тәжірибесі басқа топтарға таратылып, тереңірек қолданылсын.
7. «Денсаулық» саласы бойынша оқу қызметтерінің жүргізілу барысы қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын.
8. Балалардың қол, саусақ бұлшық еттерін, жалпақ табандылық, көз т.б. арналған құралдар «жақсы» деп бағалансын. Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеттерге қолданылсын.

Балабақша меңгерушісі: М.Амирова
Хатшы: Г.Урттыбаева

